

# БІР ЖЫЛҒА АЛДЫН АЛА МӘРТЕБЕ:

МӘМС-ға қатысу бойынша дербес  
төлеушілерден 10 сұрақ

МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ



ФОНД  
МЕДИЦИНСКОГО  
СТРАХОВАНИЯ

# 10



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz

**Мен соңғы 12 ай үшін МӘМС жарналарын төледім. Алдағы жылға жарна төлеу міндettі ме, әлде оларды ай сайын төлей аламын ба?**

**!** *Міндettі емес. Егер сіз жарналарды ағымдағы кезеңге төлемей, тек алдағы жылға төлесеніз, мәртебе бірден берілмейді. Ол келесі айдан бастап іске қосылады.*

**?** **Егер мен МӘМС-ға жарналарды ешқашан төлемеген болсам, мен бір жыл бұрын алдын ала төлем жасай аламын ба және бұл жағдайда өткен жыл үшін жарналарды төлеуім керек пе?**

**!** *Откен жыл үшін бұл жағдайда жарналарды төлеудің қажеті жоқ. Ағымдағы ай үшін және алдағы 12 ай үшін төлем жасаған кезде мәртебе 3 жұмыс күні ішінде автоматты түрде беріледі. Егер сіз жарналарды тек алдағы жылға ғана төлесеніз, ағымдағы кезең үшін төлемесеніз, мәртебе бірден берілмейді, тек келесі айдан бастап беріледі*



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz



**Егер мен МӘМС жарналарын кезең-кезеңмен төлесем, бұрын өткізіп алған кезеңдерді төлеместен, бір жыл бұрын алдын ала төлем жасай аламын ба?**



**Ия, сіз жарналарды бір жыл бұрын төлей аласыз.**

Сонымен қатар, егер сіз ағымдағы айды, яғни 13-ші айды қоса төлесеніз, бірден сақтандыру мәртебесіне ие боласыз

**Немесе сіз бұрын төленбекен кезеңдерді төлеу арқылы қаражатыңызды үнемдей аласыз. Бул жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау үшін сізге ай сағын төлем жасау керек.**



3



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz



**Егер мен осы жылдың қыркүйегінен бастап жаңа төлем әдісін қолдануды таңдасам, мен қай кезеңге жарна төлеуім керек?**

**Төлемдер алдағы кезеңдер үшін жүргізілуі тиіс, яғни 2022 жылғы қазаннан 2023 жылғы қыркүйекке дейін, 2022 жылғы қыркүйек ағымдағы ай болып есептеледі.**

**Егер сіз МӘМС үшін ешқашан төлем жасамаған болсаңыз немесе төленбеген айларыңыз болса, мәртебені бірден алу үшін қыркүйек айына да төлеуіңіз керек**



**4**



**Qoldau24/7**



**Call center 1406**



**fms.kz**



**12 айға төлем жасағандықтан, маған 2023 жылдың қыркүйегіне дейін сақтандыру мәртебесі берілді. Мерзімі аяқталған соң, қанша үақыт жарна төлемеуге болады?**



**БЖТ төлеушілерден басқа төлеушілердің барлық санаттарында сақтандыру мәртебесі соңғы төлемді төлегеннен кейін 3 ай бойы сақталады.**

**Яғни, егер соңғы төлем 2023 жылдың қыркүйегінде болса, шартты мәртебе сол жылдың желтоқсанына дейін сақталады. Мәртебені одан әрі сақтау үшін сіз осы кезеңдегі жарналарды төлеп, ай сайын төлемді жалғастырыңыз керек**



**5**



**Qoldau24/7**



**Call center 1406**



**fms.kz**



Егер мен төлем жасауды тоқтатсам, мәртебе үш айға дейін сақталады. Содан кейін өткен айлар үшін қарызыымды жабу керекпін бе, әлде мәртебені бұрынғыдай алдағы бір жылға сатып ала аламын ба?



**Болады. Бұл жағдайда өткен кезеңдегі берешек ескерілмейді, бірақ мәртебе дерек берілмейді, келесі айда ғана беріледі. Мәртебені бірден алу үшін сізге ағымдағы ай үшін де ақы төлеу қажет**



6



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz

**Жыл сайын АЕК және ЕТЖ мөлшері өзгеріп отырады, тиісінше МӘМС жарналарының мөлшері де өзгеруі мүмкін. Мен осы өзгерістерді ескере отырып төлем жасауды керек пе немесе қазіргі ставкалар бойынша төлей аламын ба?**

**Егер сіз осы жылды жарналарды төлейтін болсаңыз, келесі жылды ескере отырып, сіз жарналардың қолданыстағы мөлшеріне назар аударасыз. Бұл 60 мың теңгенің 5% - ы немесе 3 мың теңге.**

**Егер сіз 2021 жылы өткізіп алған айларды төлегіңіз келсе, 2 125 теңгеден төлейсіз, өйткені сол кезде ЕТЖ мөлшері 42 500 теңге деңгейінде бекітілген болатын. Егер сіз 2023 жылдан бастап МӘМС-ға жарналар төлейтін болсаңыз, жарналар мөлшері басқаша болуы мүмкін**



**7**



**Qoldau24/7**



**Call center 1406**



**fms.kz**

**? Егер мен бір жыл бұрын МӘМС-ға жарналарды төлеп, содан кейін жеңілдік санатына көшсем, төленген сомадан айырманы қайтара аламын ба?**

**Жоқ. Бұл төлемдер артық немесе қате төленген болып саналмайды.**

Алайда, әр жағдайды жеке қарастыруға болады. Жарналар бір кезеңде екі рет төленген немесе төлеген кезде қате жіберілген, ЖСН дұрыс көрсетілмеген болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, қаражатты қайтару үшін растайтын құжаттарды қоса беруге болады



8



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz



**Егер мен жеңілдік санатында болып, кейін одан шығып қалсам міндettі түрде алдағы бір жылға жарна төлеуім керек пе әлде ай сайын төлем жасай аламын ба?**



**Бұл жағдайда бірнеше нұсқа болуы мүмкін.**

*Егер сіз бір жылдан астам уақыт бойы жеңілдік санатында болсаңыз және мемлекет сіз үшін шегерім жасаған болса, жеңілдік мәртебесінен шыққаннан кейін үнемі төлемдер жасап, сақтандырыла аласыз.*

*Егер сіздің жеңілдік мәртебеніңіз бір жылдан аз уақыт ішінде белсенді болса және оған кіргенге дейін төленбекен айлар болған жағдайда, онда дереу мәртебені алу үшін қарызды төлеп, үнемі аударымдарды жалғастыра аласыз немесе ағымдағы ай мен келесі 12 айдағы жарналарды төлей аласыз. Егер сіз жарналарды келесі жылға ғана төлейтін болсаңыз, онда бірден емес, келесі айдан бастап қана мәртебеге ие боласыз*



9



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz



**Егер мен БЖТ төлеуші ретінде қыркүйек айында жарналар төлеген болсам, мен де бір жылға мәртебе ала аламын ба?**



**Бұл механизм тек дербес төлеушілер үшін қарастырылған.**

Сіз осы санатқа өтіп, бір жылға алдын-ала төлем жасай аласыз. БЖТ төлеуші ретінде болашақ кезеңдер үшін төлемдер жасай аласыз, бірақ тек осы жылдың соңына дейін, өйткені келесі жылдан бастап бірыңғай жынытық төлемнің мөлшері өзгеруі мүмкін.

Екіншіден, консультациялық, маркетингтік қызметтер, бухгалтерлік есеп немесе аудит, сақтандыру қызметі, құқық, әділет және сот төрелігі саласында қызметтер көрсететіндер БЖТ төлеушілер қатарынан шығарылады



10



Qoldau24/7



Call center 1406



fms.kz